



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Топ: Сүйекті балықтар – Osteichthyes

Класс: Сәулеқанаттылар – Actinopterygii

Отряд: Сальмонидтәрізділер – Salmoniformes

Тұқымдасы: Сальмонидтер – Salmonidae

Туысы: Сальмонид – Salmoninae

Түр: Майқап – Brachymystax

Майқап (лат. *Brachymystax*) – тұщы су албырт балықтар тұқымдасынан . Ұзындығы 70 см дейін, салмағы 6 кг дейін жетеді. Мамырдан шілдеге дейін уылдырық шашады. Ол кезде балықтардың аналықтарының денесінде қызыл дақтар пайда болады. Өсімталдығы 3—7 мың уылдырық. Шабактары су түбінде омыртқасыздармен, ал ересектері, омыртқасыздар, балықтар, уылдырық және албырт балықтардың шабактарымен қоректенеді.

Таралуы: Оңтүстік Алтай өзендері мен Марқакөл көлін мекендейді

Биоценозда қолданылуы: Жергілікті кәсіпшілік мақсатта ауланады.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Құстар – Aves

Отряд: Бұлдырықтәрізділер -Pterocletiformes

Тұқымдасы: Бұлдырықтар тұқымдасы-Pteroclididae

Туысы: Бұлдырық–Pterocles

Түр: Қарабауыр бұлдырық -Pterocles orientalis

Қарабауыр.бұлдырық(лат.*Pteroclesorientalis*)

бұлдырықтәрізділер отряды, бұлдырық тұқымдасына жататын құс.Салмағы 300 – 400 г.. Дене тұрқы 35 см, қанатының жайғандағы өрісі 70 см, құйрығының ұзындығы 11 см. Басы, мойнының артқы жағы және кеудесі қызыл сұр түсті. Кеудесі мен бауырында қара немесе қара қоңыр түсті жолақтар анық көрінеді. Сирағындағы қауырсындары қоңыр сары түсті, тұмсығы көк түсті болады. Олар көбінесе шөлді аймақ өсімдіктерінің тұқымымен қоректенеді, кейде ұсақ жәндіктерді де жейді. Күзде үлкен топ құрып, қазан – қараша айларында жылы жаққа ұшып кетеді.

Таралуы: Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігінде Қамыс-Самар көлінде, Бетпақдала шөлі мен Зайсан қазаншұңқырында мекендейді.

Биоценозда алатын орны:Еті дәмді, күзге қарай семіреді. Жойылып бара жатқан түр. Қызыл кітапқа еңгізілген.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Сүтқоректілер-Mammalia

Отряд: Тактұяқтылар -Perissodactyla

Тұқымдасы: Жылқылар-Equidae

Туысы: Жылқы-Equus

Түр: Құлан - Equus hemionus

Құлан (лат. Equus hemionus) – тактұяқтылар отрядына жататын жабайы жылқы. Сыртынан қарағанда құланның есекке де (басы үлкен, құлағы ұзын, құйрығы қысқа, кекілі жоқ, жалы тік), жылқыға да (жүріс-тұрысы ширақ, дене бітімі сымбатты, сирақтары ұзын) ұқсайтын ерекшелігі бар. Дене тұрқы 210 – 240 см, шоқтығының биіктігі 112 – 126 см, салмағы 190 – 260 кг аралығында. Түсі сарғыштау, жотасында қара қошқыл жолағы болады, құйрығының ұшы қара, бауыры мен сирақтары ақшыл келеді. Жыныстық жағынан 2 – 3 жасында жетіледі. Маусым – шілде айларында күйлеп, 11,0 – 11,5 айдай буаз болып, мамыр – маусым айларында құлындайды.

Таралуы: «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағына, Андысай қорықшасына және Маңғыстау облысы аумағында кездеседі.

Биоценозда алатын орны: Қазір Қазақстанда 2,0 мыңдай құлан бар (2004). құланның саны дүниежүзінде жылдан-жылға азаюына байланысты қорғауға алынып, Халықаралық табиғат қорғау одағының және Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Қосмекенділер – Amphibia

Отряд: Құйрықсыз қосмекенділер – Anura

Тұқымдасы: Нағыз бақалар – Ranidae

Туысы: Бақалар – Rana

Түр: Сүйіртұмсық бақа -Rana arvalis

Сүйіртұмсық бақа (лат. *Rana arvalis*) – бақа тұқымдасына жататын қосмекенді.

.Әдетте денесінің ұзындығы 5 – 7, ең ірілері 8 см-дей.Түсі қоңыр, терісінің сыртында қара қоңыр дақтары болады, көбейер кезде аталықтарының тері жабындысы көгілдір түске боялады. Бауыры ақ немесе сарғылт.Сүйір тұмсықты көзінен жонына дейін созылған қара дақ жіңішкеріп барып бітеді. Шұбар өрнекті алқымы ақшыл түсті.Аналығы 1200 – 3500 жұмыртқа салады, тек суда.Сүйіртұмсық бақаның шөмішбалықтарын (дернәсілдерін) жыртқыш қоңыздар, ал ересек бақаларды көлбақа, сарбас жылан, сұр жылан, кейбір құстар (қалбағай, әуілдек), сүтқоректілер (борсық, түлкі) жейді.Қысты шұңқырларда, тышқандардың інінде, томар, қураған ағаштардың жапырақ үйінділерінің астында жатып өткізеді. Қысқы ұйқысы 6 – 7 айға созылады.

Таралуы: Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі орманды, орманды-дала аймақтарында, Батыс және Орталық Қазақстан облыстарында кездеседі

Биоценозда алатын орны: Омыртқасыздардың сан алуан түрімен қоректенетіндіктен, экологиялық және шаруашылық маңызы бар.



Патшалығы: Жануарлар – Animalia

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Класс: Бауырымен жорғалаушылар-Reptilia

Отряд: Кесірткелер -Sauria

Тұқымдасы: Жармасқылар тұқымдасы-Gekkonidae

Туысы: Жармасқы -Alsophylax

Түр: Шиқылдауық жармасқы- Alsophylax pipiens

Шиқылдауық жармасқы (лат. *Alsophylax pipiens*) – жармасқылар тұқымдасына жататын кесіртке. . Денесінің ұзындығы 15 мм болса, құйрығының ұзындығы 13 мм. Олардың бұл аймақта кездесу жиілігі басқа дарактарға қарағанда азырақ. Себебі, олардың адаптациялық белгілері басқа түрлермен салыстырғанда ерекшеленеді. Көктемгі алғаш кездесуі сәуір айының үшінші декадасында тіркелген. топырақ температурасы 10-120С шамасында кездесе бастайды. Шиқылдауық жармасқылар негізінен түнде жүретіндіктен толық бақыланбаған түр. Олардың түнде белсенді әрекет етуі- олардың қараңғы түске бейім екенін анық түрде дәлелдейді.

Таралуы:Шиқылдауық геккон Арал өңірінің барлық аумақтарында кездеседі. Барсакелмес қорығының екі учаскелерінде тіркелген.

Биоценозда алатын орны: Саны аз болғандықтан Қызыл кітапқа еңгізілген.